

Ж.А. Тусупбеков¹
 Н.О. Байғабылов²
 Н.А. Орынбасарова³

^{1,2}Д.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан,
³Жарық орта мектебі, Қарағанды, Қазақстан
 (E-mail: zh.tusupbekov@gmail.com,
 n.baigabyl@gmail.com, nargiza_orynbasarova@mail.ru)

Бірегейлік ұғымы және ұлттық бірегейлік мәселесі

Аңдатпа. Мақалада ұлттық бірегейліктің сақталу мәселесіне мән берілген. Жаһандану жағдайында орын алған бірегейлік ұғымы, бірінші кезекте, дербес бірегейлікті, яғни адамның қоғам мүшесі ретінде өзі туралы орнықты түсініктерді және халықтың өз-өзіне ұқсастық сезімін қалыптастыратын, оған ұлтаралық кеңістікте өзіндік орнын табуға мүмкіндік беретін мәдени бірегейліктің негізгі рөлі қарастырылады. Яғни, әрбір ұлттық бірегейліктің негізгі элементі ұлттың сипаты ретінде қабылданатын бір мағыналық тұтастық немесе мәдени бірегейлік болып табылады. Аталған мақалада авторлар мағыналық тұтастықты бүкіл жүйенің біртұтастыққа қосылуынан мызғымас бірлікті негіздейді деген ойға келеді. Осылайша, оның негізгі идеяларын өзгертпей, бірегейлікті өзгерту мүмкін емес деген қорытындыға келеді. Мақалада, жаһандану ұлттық бірегейлікті бұзуға, оны демократияландырудың, мәдениетті стандарттаудың, үнемдеудің, құндылықтарды әмбебаптандырудың және ақпараттандырудың жаһандық процестерін құртуға тырысады деген тұжырым жасалған.

Түйін сөздер: бірегейлік, примордиализм, конструктивизм, этникалық және ұлттық бірегейлік, мультимәдениет, бұқаралық мәдениет, контр бірегейліктер.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2020-133-4-236-245>

Түсті: 5.05.2020 / Жарияланымға рұқсат етілді: 14.07.2020

Кіріспе. Бірегейлік ұғымының төңірегінде ғалымдар арасында әртүрлі пікірталастар бар. Бірегейлік теориясының терминдері күнделікті өмірдегі шынайы объектілердің мағыналарын түсіндіреді, яғни, бірегейлік – тал бесіктен жер бесікке дейінгі аралықты қамтитын күрделі құбылыс. Бірегейліктің терминдері мен ұғымдарын қамтитын сөздіктің авторлары бірегейлік сөзімен үйлесетін 40 шақты анықтамаға тоқталған [1]. Бірегейлік сөзі алғашқыда ежелгі грек ойшыларының еңбектерінде кездеседі. Олардың бірегейлік сөзін түсінуі қазіргі мағыналардан өзгеше-леу еді. Мысалы, Аристотель әртүрліліктің арасындағы өзгеріс пен ұқсастықтың дәлел-

дерімен сабақтастық мәселелерін анықтау ба-рысында қазіргі «бірегейлік» ұғымына мағына-сы жақын «tautotis» (ұқсастық) терминін қолданған [2, 89 б.]. Қазіргі ағылшын тіліндегі identity «бірдей» деген ұғымның бастауы ла-тын сөзіндегі «idem» ұғымынан бастау алады.

1545 жылы ағылшындық жазушы Д.Бейлдің «Теңсіздік құпиясы» (John Bale «A Mystere of Inyquyte») кітабында «бірегейлік» ұғымы ұқ-састық мағынасында қолданылса, 1737 жылы басқа британдық зерттеуші В. Александр-дың «Солтүстіктегі ауыл өмірі» (W. Alexander «Northern Rural Life») еңбегінде «персоналды бірегейлік» ұғымы «бір адамның екіншісінен айырмашылығын қалыптастыратын белгілер

мен сипаттамалардың жиынтығы ретінде көрініс тапты» [3].

Зерттеуді. XX ғасырда бірегейлік ұғымы көптеген гуманитарлық ғылымдардың ішінде, әсіресе, психология мен антропологияның аясында жаңа мағынаға ие болды. Зерттеушілердің көбісі бұл ұғымның дамуын Зигмунд Фрейдтің «Бұқаралық психология және адам Менінің сараптамасы» және Джордж Герберт Мидтің «Ақыл, Мен және қоғам» шығармаларының төңірегінде қарастырды, бірақ олардың зерттеулерінде «бірегейлік» термині қолданылмаған. Фрейдтің ұстанымында бірегейлік бір нәрсеге ұқсау және субъектінің объектімен байланысқа түсіп соған жұтылып кетуіндегі дүниелерді қарастырған. З. Фрейд бірегейлікті бейсаналы эмоционалды үрдіс деп қарайды, оның пікірінше, баланың ата анадан үйрену дағдылары тұлға болып қалыптасып қоғамда өз тетігін табуға көмектеседі. Фрейдтің ойын қазақтың даналығымен тарқатсақ: «ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесін». Фрейдтің бұл идеясын символдық интеракционизмнің негіздеушілердің бірі Джордж Г. Мидтің шығармаларында жалғасын тапқан. Онда, интеракционизмнің бастауы рефлексивті әлеуметтік «Мен» басқа адамдармен араласу барысында құрылады. Сондай ақ, Фрейдтің идеяларын неофрейдистер Т. Адорно, Г. Маркузе, Д. Рисмен жалғастырған. Фрейдтің идеялары Т. Адорноның – «авторитарлы тұлға» тұжырымдамасында көрініс тапса, Г. Маркузенің, беделді нормативті «Суперэгодан» [4] айрылған пенденің көптеген ұйымдарда және әлеуметтік байланыстарда жұтылып, жоғалтатынына мән берген. Осыған ұқсас идеяларды американдық әлеуметтанушы Д. Рисман жалғыз тобыр тұжырымдамасында дамытқан.

Сонымен қоса, бірегейлік Америкадағы салыстырмалы мәдениеттану институтының негізін қалаушы М.Мидтің «ұлттық сипат», К.Дюбуаның белгілі бір қоғамның ең негізгі қасиеттерінің жиынтығын қамтитын «модальді тұлға», Р. Линтонның «мәртебелі тұлға», Э.Фромм «әлеуметтік мінез» ұғымдарының төңірегінде қарастырылған.

Бірегейлікпен арнайы түрде психоәлеуметтік даму кезеңдері теориясы мен «бірегей-

лік дағдарысы» терминінің авторы Э. Эриксон айналысқан. Эриксон бірегейлікті «Балалық және қоғам», «Жас Лютер», «Жастар және дағдарыс бірегейліктері» еңбектерінде көрініс тапқан [5]. Эриксон «бірегейлік» терминің алғаш рет Пол Федерннен естігенін және оны Менің сезіну (Мен сезімі), өмірдің әртүрлі кезеңдеріндегі өзін-өзі бейнелеудің жалғасы деп түсіндірді [3]. Эриксон бірегейліктің дамуын биологиялық, әлеуметтік және эго үрдістердің өзара байланысы негізінде дамытынының және эго үрдісінің алғашқы екі үрдісті интеграциялаудағы жауапкершілігін айтқан.

«Бірегейлік» құбылысын жеке категория ретінде қарастыру діни аспектілер екінші орынға шығып, жеке тұлғаны зерттеу негізгі нысан ретінде қарастырылған жаңа ғасыр философиясының дамуымен байланысты (XVII - XVIII ғғ.) дәл осы уақытта «бірегейлік» тұжырымдамасы жеке тұлға ретінде және индивид санасының өзгермейтіндігі негізінде анықталды.

Конструктивизмнің бір бағыты саналатын әлеуметтік конструкционизмнің негізін қалаушылар П. Бергер мен Т. Лукман өз тұжырымдамаларында бірегейлікті – субъективтік шындықтың негізгі элементі және қоғаммен диалектикалық қатынастан туындайтын құбылыс [7].

Бірегейлік ұғымының гуманитарлық ғылым салаларында кең таралуы оның ерекше икемділікке ие, әрі көптеген құбылыстардың мәнісін білдіре алатындығында.

«XX ғасыр мәдениеттануы» энциклопедиялық кітабында бірегейлік – адамның жеке өзіндік ерекшелігін, әрі тұтастығын субъективті сезіммен сипаттайтын, Мен туралы психологиялық түсінік» [8] ретінде анықтала берілген. Аталған көріністер жынысы, жасы, тобы, мәдениеті, әлеуметтік мәртебесі, қоғамдағы рөлі, нормасы, яғни, адамды сәйкестендірудің нәтижесіндегі түрлі әлеуметтік категориялар арқылы құрылады. Индивидтің – әлеуметтік – мәдени үлгілер мен нормаларды, құндылықтарды меңгеруі және өзге адамдармен өзара байланысқа түсіп, әлеуметтік рөлдерді қабылдап меңгеру барысында өзін-өзі идентификациялауы өзгеріп

отырады. З. Фрейд айтқандай, индивид бірегейлігінің негізгі діңгегі жасөспірім шамасында қалыптасады. Бұл үрдістерді хакім Абайдың қара сөздерімен айтсақ, «Адам баласын заман өсіреді, кімде кім жаман болса, оның замандастарының бәрі виноват» [9, 325]. Хакім Абайдың 37 қара сөзінде адамның қоғамдағы рөлінің жамандыққа тән сипаты қалыптасса қоғам мүшелерін кінәлі деп пайымдаса жетінші қара сөзінде: «жас баланың анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады» деп, баланы тәрбиелеуде әке-шешенің жан мен тән құмарлығын алғашқы күннен бастап дұрыс ажыратып, қай жаққа басымдық беру керек деген жағы қарастырылса, 43 қара сөзінде пенделіктен толық адам дәрежесіне жету жолында хауаси салым сезім мүшелері арқылы сырттағы дүниелерді ішкі әлемге дұрыс қабылдау арқылы жүректің қуатын зорайтудың жолдары көрсетілген [9, 352-356]. Хакім Абайдың қара сөздерінде персоналды бірегейліктің әрбір қыры мен сыры қамтылып саналы әлеуметтік бірегейлікті қалыптастырудың небір ұтқыр жолдарын көрсетілген.

Батыс ғылымында бірегейлікті зерттеудің әлеуметтік дәстүрі символдық интеракционизм теориясымен байланысты. Ч. Кули, Дж. Мид, И. Гофман өзіндік «Мен» (адам, индивид) бір жағынан өзін-өзі қалай бағалайды, ал, екінші жағынан, «Менге» басқа адамдардың қоятын талаптары және оны мойындауы (бағалауы) тұрғысынан қарастырған. Дж. Мидтің пайымдауында, бірегейлік интрапсихикалық «I» және әлеуметтік «Me» ортасындағы тұрақты диалогтың нәтижесі, жеке тұлға әлеуметтік әлемнің интерсубъективті ғаламын танытатын басқа адамдардың көмегімен қалыптасады. Дж. Мид, ең алдымен, әлеуметтік әлемнің органикалық байланысының негізінде адамның ішкі әлемінің сабақтастығын көрсетті [6, 43 б.]. Қазақ халқының хандық дәуірге дейінгі өкілі Әл Фараби «Болмыс» деген трактатында адамның жаратылуына дейін пайда болған болмыстарды тану дұрыс танымды қалыптастыратынын айтса, Ж. Баласағұнда «Құтты білік» шығармасында осыған ұқсас дүниелерді қарастырған. Қазақ философиясының ағартушылық кезеңінің кемеңгер ой-

шылы М.Ж. Көпеев өз еңбектерінде адамның табиғат пен жануарлар әлемін танып, содан үйрену арқылы өзінің адами шынайы болмысын танудың жолдарын көрсеткен.

Негізгі бөлім. Алғашқыда бірегейлік адамға қатысты әрекет субъектісі ретінде ғана көрінсе, XX ғасырдың 60 жылдары бірегейлік топтық, әрі әлеуметтік бірегейлік мәселелеріне көшті. Бұл кезеңде бірегейлік психоанализ және жеке психология саласындағы шектеулерден, дерексіз философиялық категориядан гуманитарлық ғылым салаларының маңызды кешеніне айналды. Әсіресе, Еуропадағы ұлттық сана бірегейлігінің, қоғамдағы бірегейліктің көптүрлілігіне өту барысында қалыптасқан жаңа бірегейліктердің сипаты мен мәнін тану тұрғысынан. Яғни, мультимәдениет бағытының негізінде орын алған әртүрлі тұжырымдарды зерттеу алаңына айналуы, онда адамның орны, отарлық жүйенің құлдырауы кезіндегі жаңа ұлттардың қалыптасу процестері, жаһандану дәуіріндегі мәдени өзгерістердің мәнін философиялық түсіну мәселелері қарастырылды.

Мультимәдениет саясаты азшылықтың диктатурасы, ол қоғамды біріктіруге емес оның бөлуге алып келеді [10, 28-29 б.]. Мультимәдениет саясаты демократия ұранымен адамдарды идентификациялайтын жалпы үрдістің негізгі бөлігі болып саналатын ұлттық және азаматтық бірегейліктерді ыдыратуды көздейді.

1971 жылы мультимәдениет принципі Канаданың Конституциясына енгізілді, кейін 1973 жылы Австралияда, 1975 жылы Швецияда байқалды. 1980 жылдардың басында бұл принцип Батыс елдерінің көпшілігінің саяси тәжірибесіне және халықаралық ұйымдарға арналған ұстанымға айналды. Бірақ, отыз жылдық мультимәдениеттің АҚШ пен Батыстағы тәжірибесіне назар аударсақ, мәдени топтардың оқшаулануын күшейтіп, олардың арасында жасанды шекараның құрылуына алып келді. Тіпті, 1970-1980 жылдары мәдени толеранттылық пен өзара сенімнің үлгісіне айналған Нидерланды мемлекетінде, ұлттық-азаматтық ыдырау процестері көрініс алды. Біздің пайымдауымызша, жаһандану

жағдайында мемлекеттің тәуелсіздігін тұтастығын сақтау жолында ұлттық кодты, яғни, құндылықтарды дұрыс жүйелеп бағдарлаумен қоса этнос, ұлт бірегейлік ұғымдарының мағынасына мән беру маңызды. Өйткені мультимәдениет бағыты негізгі біріктіруші ұлттық бірегейлікті ыдыратып, бірегейліктің көптүрлілігін тудырады. Сол себепті бірегейлікті бөлшектеуден сақтайтын ұлттық бірегейліктің негізгі құрылымдық мәнін тану қажет. Себебі ұлттық және этностық бірегейліктің төңірегінде ғалымдар арасында әртүрлі бір біріне сәйкес келмейтін пікірлер көп. Мысалы, дәстүрлі мәдени түсінікте ұлт дегеніміз этностан жалғасы болса, батыстық ұстанымда ұлт азаматтық саяси қолдан құрылған қауымдастық. Батыстық тұрғыда пайымдайтын болсақ, бізде ұлт деген ұғым жоқ болып шығады. Бұл дегеніміз, біріктіруші, шоғырландырушы, ұлттық құндылықтармен негізделген, өз адамдарын бауырына басатын қасиетті ұғымның жоқ деуімен бірдей. Қазіргі таңда этностық және ұлттық бірегейлік ұғымдарының негізгі мағыналық ұстанымдары «өзгеріп» олардың нақты онтологиялық ұстанымдары күмән тудыруда. Ұлт (nation) туралы ғалымдар арасында пікірлер әртүрлі, біреулері ұлтты әуел бастан бар десе, басқалары әлеуметтік құрылым деп пайымдайды. Жалпы, этнос пен ұлт түрлі әлеуметтік құрылымдар және бір уақытта өмір сүреді, ал тарихи тұрғыдан этнос бастапқы.

Әлеуметтік әрекеттер терминін енгізген Макс Вебер этносты бір тілде сөйлейтін ортақ шығу тегі мен дәстүрге негізделген адамдардың тобы деп анықтады. «Этносаяси сөздікте» [10, 343 б.], «этнос» терминіне қатысты отандық және әлемдік этнологияда бір жақты түсінік қалыптаспағанын байқауға болады. Ресейлік зерттеуші А.Г. Здравомыслов: «Қазіргі ғылыми ұстанымдағы ұлттың – этникалық топтардан айырмашылығы ол, аграрлы мәдениеттен индустриалды мәдениетке өтудің нәтижесі» [11, 118 б.] десе, ағылшын және француз тілдерінде «ұлт» ұғымы «мемлекет» ұғымының синонимі ретінде жиі қолданылады және адамдардың азаматтығымен байланыстырылады [12, 685 б.]. М. Хрохтың пайымдауынша:

«ұлт – мәңгілік категория емес, ол Еуропаның даму тарихындағы ұзақ, әрі күрделі үрдісінің жемісі» [13, 122 б.]. У. Коннор ұлттар мен мемлекеттер этникалық қауымдастықтардан өсіп – өніп шыққан [14, 46 б.] десе, ал Т. Неирн және Э. Геллер көзқарастарында «мемлекет ұлттарды дүниеге әкеледі» [15, 121–123 б.].

А. Аппадурраи [16], Э. Гидденс [17], М. Кастельс [18], З. Бауман [19] өз зерттеулерінде жаһандану жағдайындағы этникалық және ұлттық бірегейліктің көріністері туралы мәселелерді көтерді.

Этностық, ұлттық және әлеуметтік бірегейліктердің мәні мен құрлымы реализм мен номинализм бағыттарының примордиалистік, конструктивистік және инструменталистік тәсілдердегі ғалымдардың теориялық еңбектерінің негізінде зерттеліп талданған.

Реализм бағытының аясында примордиалистік көзқарас қалыптасты, өкілдері Г. Айзекс, Э. Шиллз, К. Гирц, П. ван ден Берге, Л.Н. Гумилев, Э. Смит, Ю. В. Бромлей және т. б., этникалықтың объективті деректерін бастапқы сипаттама ретінде қарастырды. Реалистердің, оның ішінде, примордиалистер, эссенциалистер бірегейлікті халықтың шығу тегіне, рухани дүниетанымына ортақ тіл, дін, діл, территория, тарих арқылы қалыптасатынына тоқталған. Примордиализм теориясының шеңберінде әлеуметтік-биологиялық және эволюциялық-тарихи бағыттар қалыптасты.

Әлеуметтік-биологиялық бағыттың өкілдері этникалықты «туыстық таңдау мен байланыстың кеңейтілген түрі» ретінде түсіндіреді. Этностардың мәнін Д. Горовиц, К. Кван, Г. Кейес, Д. Филлиман «кеңейтілген отбасына» жинақтай отырып, этникалықты биологиялық тұрғыдан сипаттаған. Этнос туралы әлеуметтік-биологиялық бағытта Л.Н. Гумилев «пассионарлық» тұжырымдамасын енгізген, оның мағынасы қазақ халқының «төртеу түгел болса төбедегі келеді» деген мақалына сәйкес келеді. Биологиялық бағыттың өкілдері бірегейлікті органикалық және өзгермейтін үрдіс ретінде қарастырған. Мұндай пікірлерге жапон ұлтының біртектілігі туралы теорияны, қанға байланысты корей ұлтының

түсінігін және қазақ халқының өзінің түп негізін тарқататын шежіресі жатады. Осы ретте Мағжан Жұмабаевтың: «Ерте күнде, отты күннен ғұн туған, Отты ғұннан от боп ойнап мен туғам» – өлең жолдарындағы ғұндардың, түркілердің, қазақтардың арасындағы туысқандық байланыстарға тоқталған өлеңін және Алаш ардақтысы Ә. Бөкейхановтың қазақтың шежіресін зерттей келе ерекше баға берген, Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» еңбегінің орны ерекше.

Примордиалистердің әлеуметтік – биологиялық бағыты ұлттық және этностық бірегейлікті өткеннің тілі мен дәстүрімен, биологиялық факторлар арқылы зерттесе, екінші бағыты нақты тарихи – мәдени жағдайлардың әсерімен тығыз байланысты деп пайымдайды [20, 104 б.]. Примордиализм теориясының эволюциялық – тарихи бағытының өкілі Ю. В. Бромлей «этнос» территория, тіл, мәдениет, өзін-өзі тану, өзіндік атау және басқа да ерекшеленетін бірқатар сипатты белгілерге ие әлеуметтік, тарихи тұрғыдан пайда болған қауым ретінде анықтады.

Жалпы, реалистік бағыттың аясындағы примордиализм ұстанымында «этнос» ұғымы тереңнен бастау алатын тарихи – мәдени түп негізге көңіл бөлсе, екінші номиналистік бағыттың аясындағы конструктивістік тәсілде субъективтілік көзқарас дамыды.

1990 жылдары конструктивизм ең көп таралған парадигмаға айналды. Конструктивизм «көпше» және «ағымдылық» бірегейліктері арқылы белгілі бір субъектілерге қажеттілік орын алған жағдайда бірегейліктерді құру мүмкіндіктеріне ие болу мәселесін көтерді [21, 188 б.]. Конструктивизмнің өкілдері ретінде өзіндік тұжырымдарымен ерекшеленген Б. Андерсон, П. Бурдые, М. Бэнтон, Э. Геллнер, А. Коэн, Э. Хобсбаум, және ресейлік В.А. Тишков, Л.М. Дробижеваны атай аламыз.

Б. Андерсон «Ұлт қиялдағы идеялардың жиынтығы» деп түсіндірсе, Э. Хобсбаум «бірегейлікті құрастыру» «дәстүрлерді ойлап табу» процесімен бірдей деп пайымдаған. Конструктивистердің пікірлерінше этностық - туа

біткен емес, адамның динамикалық өзгеретін сипаты. Ал, ресейлік зерттеуші В. Тишков ұстанымында: «Адамдар белгілі бір этникалық топтың мүшелері ретінде әлеуметтік тәжірибе аясында қалыптасады. Сондықтан этникалық бірегейлік белгілі бір мәдени кешеннің көрінісі ретінде емес, қоғамдық ұйымның бір түрі ретінде қарастырылуы керек» деп пайымдап [22, 20–21 б.] этникалық бірегейлікті өзгермелі, қозғалмалы «дрейф» деп атайды. Келесі ресейлік зерттеуші Л.М. Дробижеваның анықтамасында: «Этнос – мәдени сипаттамалары бар тұрақсыз қауымдастық, ұқсас мәдени ерекшеліктер туралы пікірлерімен бөлісетін, ортақ шығу және ынтымақтастық мифіне ие адамдар қауымдастығы» [23, 25 б.].

Конструктивизмнің негізін қалаушылардың бірі Ф. Барт «Этникалық құрылымды құруда саясат рөл ойнайды яғни, этникалық топ мүшелерін саяси көшбасшылар өздерінің ұжымдық іс-қимылына жұмылдыру мақсатын көздеп топтың мәдени идеологиясына мән бермейді» [2, 62 б.] деп санаса, Швейцария тарихшысы Урс Альтермат конструктивизмді элитаның этниканы манипуляциялау идеясы және осы «әрекеттерді» іске асырудың белгілі әдіс тәсілдері бар екеніне тоқталады...» [2, 63 б.].

1970 жылдары АҚШ-та этникалық ерекшелікті түсіндіруде Н. Глезер мен Д. Мойнихэн мақалаларында көрініс тапқан инструментализм әдісі пайда болды. Инструменталистік әдісінде этникалық топтың өміріндегі ең басты құндылығы – белгілі бір нақты мүдделерді қанағаттандыру және мақсатқа жету.

Біздің пайымдауымызша, конструктивизм мен инструменталистік бағыттардың примордиализмнен айырмашылығы олардың этникалық бірегейліктің маңызды элементі саналатын мәдени факторға жеткіліксіз назар аударуы. Этностың немесе ұлттың «біріктіруші» діңгегі саналатын мәдениетке тиісті деңгейде көңіл бөлмеу ұлттың жойылуын тездеттіретін үрдіс. Этностық және ұлттық бірегейлікті жаһандану жағдайында «контр бірегейліктердің» конфигурацияларынан сақатудың жолы ұлттың тарихи мәдени құндылықтар екені ақиқат.

Ұлттық бірегейлікті ыдыратуды көздейтін мықты технологиялардың негізінде қалыптасқан «контр бірегейліктердің» [24] конфигурациялары ұлттық құндылықты сақтайтын механизмдердің бір сәтке өз міндеттерін дұрыс атқармаған жағдайда күшейіп «біріктіруші» бірегейлікті құлдыратады. Контр бірегейліктер «сыртқы» өзге мәдени космополиттік, трансұлттық, консюрмистік, гедонистік формалар арқылы қалыптасады. Контр бірегейліктің ішіндегі қауіптісі космополиттік бірегейлік. Себебі космополиттік бірегейлік негізгі институционалды емес компоненттерге айналып («soft power») «жұмсақ күшті» қалыптастырып жаңа бір келбетте қолданылады. Космополитизмнің жаңа келбетін модернизация теориясын құрушы Т. Парсонс, Э. Шилз, Г. Киссинджердің және басқаларының космополиттік бірегейлену әсерін жаңадандырған стратегияларын келтіруге болады. (CNN) сияқты қуатты БАҚ көздері «біріктіруші» бірегейленуге қарсы жолда ақпаратты басқарудың құралы ретінде пайдаланып, түрлі субъективті конфигурациялар мен оқиғалардың суреттерін ұсынады. «Контр бірегейліктер» гедонизм, консюрмизм, партикуляризм модификациялары арқылы «біріктіруші» бірегейлікке еніп кейін «Қызғылт сары» және басқа да түрлі төңкерістерге жол ашып, «трансұлттық корпорациялардың» қитұртқы әрекеттерінің салдарынан «біріктіруші» бірегейлікті непотизм мен сыбайлас жемқорлық арқылы одан әрі әлсіретіп, халықтың мемлекеттік билікке деген сенімінің төмендеуін жоғарлатады. Мемлекетке деген сенімін жоғалтқан адамдар жеке басының, отбасының, топтың мүдделері үшін ұлттық мүдделерді ескермейді, әскери борышын, салық төлеу міндеттерін орындаудан бас тартып жекеленеді. Ал, мұндай орталарда бұқаралық мәдениеттің оңай жолмен еніп, ойдағысын жүзеге асырып, қоғамның «деградациялануын» тездетеді. 3. Бжезинский, бұқаралық мәдениетті АҚШ-тың геосаяси басымдықтарын қамтамасыз ететін төрт факторлардың бірі ретінде анықтайды.

Шешу жолдары. Қазіргі уақытта ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің күрделі де,

ауқымды міндеті ұлттық мәдениетті сақтау қажеттілігін қамтиды. Елдің тұтастығын сақтау, әрі оны нығайту жалпы мәдени кеңістікті қалыптастырумен, дамытумен, күшейтумен, және деструктивті күштерге заңды қарсылықпен байланысты. Бұл дегеніміз этникалық немесе ұлттық бірегейліктің төңірегінде топтасып, бірегейліктің көптүрлілігіне немесе «контр бірегейліктерге» қарсы тұрудың әдіс тәсілдерін құру қажет. К.Э. Разлогова «бірегейліктің көптүрлілігін шизофренияның ізін қуушы, әрі түпкілікті формасы» деп анықтама берген. Этникалық бірегейлік басқару, сауда және мәдени орта жойылсада жоғалмайтын, тіпті, десакрализация кезінде адам этникалық бірегейлікке пана табады. А. Тоффлердің сөзімен айтсақ: «Миллиондаған адамдар өз бойына жақсы қасиеттерді орнатып, өзіндік болмысын тауып бей-берекетсіздікті жеңетін өзіндік бірегейлікті іздейді» деп тарихи-мәдени құндылықтарды сақтап бағыт-бағдар беретін этникалық бірегейлікті айтып отыр.

С. Хантингтон, Американың мультимәдениет саясатына өтуі, ұлттық бірегейлікке қауіпті деп санап, әсіресе, «үш ғасыр бойы американдықтардың ұлттық бірегейлігінің діңгегі болған англо-протестанттық өркениет рөлінің төмендеуіне, испан тілінің АҚШ территориясында екінші тіл ретінде таралуы, нәсілдік, этникалық және жыныстық түсініктерге негізделген топтық бірегейліктердің бекітілуіне ...» [25] алаңдаушылық білдірген.

Әрине, «тіл болмыстың үйі» деп, М. Хайдеггер айтқандай, әрбір халықтың құндылықтары, өзінің ұлттық ана тілінде жатыр. Одан кейінгі құндылығы – ар-иманға, өнегелі жақсы қасиеттерге шақыратын дінінде. Ұлттың тілі мен дінінен әсері ділде (менталитет) қалыптасып көрініс табады. Діл дегеніміз – ұлттың талай ғасырлар бойы қалыптасқан өмір сүруінің жолы немесе ұлттық коды.

Жаһандану жағдайында азаматтарымызды бірегейліктің көптүрлілігінен сақтап қалатын жолдар тарих, мәдениет және адам капиталы деп санаймыз. Ұлттық кодты (түп негізді) тану үшін міндетті түрде «тарихи тамырымызға» ораламыз, бұл диалектика заңдылығы. Тарих бойынша тапқан құнды жәдігерлеріміздің ерекшелігін крос-мәдени зерттеулер арқылы

сипаттап, жүйелеп келер буынға лайықты түрде табыстау бүгінгі аға ұрпақтың келешек ұрпақ алдындағы парызы.

Егер тарихи жадының жүйесі тиісті дұрыс деңгейде құрылмаса, келер буынның санасында ұлттық құндылықтар өшеді. Ұлттық құндылықтар өшсе, саналы бірегейлік қалыптаспайды. Қазақстандық әлеуметтік шынайылықта біздің ұлтқа байланысты «рухани жарақат» жайлы естен шығармауымыз қажет. Ұлттық бірегейлік, мәдени саланың өзгерістерге ұшырау уақытында көп ғасырлық тарихы мен мәдени құндылықтарының, яғни, тарихындағы маңызды сәттердің түпнегізінің жоғалған, бұрмаланған кесек кесек үзінді түрінде жетуінен жарақат алады. Ұлттың бойындағы, мәдени құндылықтардың өзгеруі, ұлттың өзгеруін жылдамдатады. Әсіресе, ұлттық бірегейліктің бойындағы ауыр жарақат кеңестік жүйенің «кеңестік бірегейлікті» орнату барысында, ұлттың тарихи мәдени түпқазығы (коды) өзгерістерге ұшырады. Себебі Кеңес Үкіметі жастардың әлеуметтенуіне қатысты жүргізген саясаты және ұрпақтар арасындағы дәстүрлі байланыстардың бұзылуы, ұлттық рухтың әлсіреуі, жеке тұлғаның және тобырдың мәдени деградациясына әсер етіп, мәдени құндылықтардың құнсыздануына алып келді. Нәтижесінде, ұлттық сана, ұлттық құндылықтарынан бас тарта бастады. Бұл жарақаттың орнын уақытымен емдеп, айықпаса, өмір сүруін кез келген ұлт тоқтатады. Сондықтан мемлекеттің тәуелсіздік алған шағынан бастап, түпнегізімізді тану барысын-

дағы іс-шаралардың нәтижесінде, біраз құндылықтарымызбен қауыша бастадық. Яғни, мемлекеттің ұлттық кодты танудың басты себебі, қазақ ұлтың өзгелерден жоғары қою үшін емес, алған жарақатын емдеудегі әдісі деп білгеніміз жөн болады. Себебі ұлттық сана қалыптаспаса, бірегейліктің көптүрлілігі бұқаралық мәдениет негізгі орынға шығады. Бұқаралық үрдіске, тек ұлттық сана ғана қарсы тұрады. Ұлттық сана жер бетіндегі әрбір ұлттың жаһандану заманында өзгеге жұтылмауының, өз ерекшелігін сақтап қана қоймай, әлемдегі лайықты орнын айғақтайтын негізгі кепіл.

Қорытынды. Біздің қоғам үшін ұлттық мәдениет басты қажеттілік. Себебі халықтың санасын түрлі бөлшектенуден сақтаймыз. Халық мемлекеттің азаматтары ұлттық құндылықтарсыз тәрбиеленсе, жаһандану жағдайында пайда болған бірегейліктің көптүрлілігіне ұшырайды. Ұлттық құндылық адамға рухани байлық, отанды сүю, қиянат жасамау сынды қағидаларды қамтиды.

Халықты тәрбиелеу үшін, «Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламаларының негізінде мектеп қабырғасындағы оқушыларға арнайы бағдарлама әзірлегені жөн, бастауыш сыныптағы балаларға ұлттың салт-дәстүрін, ұлт тарихын бойларына әбден сіңіріп, содан кейін ғана басқа ғылым салаларына көшетін оқыту бағдарламасын енгізу қажет. Сол кезде біз хакім Абайдың аңсаған «бір болсада жүзге татитын» азаматтарын тәрбиелеп шығарамыз деп сенеміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Политическая идентичность и политика идентичности. В 2-х т. / Под ред. И.С. Семенов. Т. 1. - М.: Российская политическая энциклопедия. - 2012. - 471 с.
2. Орлова Э.А. Концепции идентичности в социально-научном знании // Вопросы социальной теории. - 2010. - Т. IV. - С. 89-96.
3. Задворная Е. С. Феномен идентичности: история формирования понятия и современные подходы к изучению // Ценности и смыслы. - 2017. - №1 (47). - С. 24-37.
4. Маркузе Г. Одномерный человек. - М.: ООО «Издательство АСТ», 2003. - 331 с.
5. Erikson E.H. Younger Man Luter. A Study in Psychoanalysis and History. N.Y., London: W.W. Norton, 1993. - 288 p.
6. Абельс Х. Интеракция, идентичность, презентация. - Санкт-Петербург: Алетея, 2000. - 272 с.

7. Бергер П., Лукман Т. Социальное конструирование реальности. Трактат по социологии знания / П. Бергер, Т. Лукман. – М.: Медиум, 1995. – 282 с.
8. Николаев В. Г. Идентичность // Культурология. XX век: энциклопедия. В 2-х т. Т. 1. Гл. ред., сост. и автор проекта С. Я. Левит. - СПб.: Алетейя – 1998.
9. Құнанбаев А. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: Өлке – 2012. – 512 б.
10. Этнополитический словарь: термины и понятия казахстанской политики и практики в сфере общественного согласия и межэтнической толерантности. – Астана: Республиканский коор. методический центр развития языков имени Ш. Шаяхметова, 2014. - 400 с.
11. Здравомыслов А.Г. Межнациональные конфликты в постсоветском пространстве. – М.: Аспект-Пресс, 1996. – 286 с.
12. Le Robert micro dictionnaire d' apprentissage de la langue française / redaction dirigée par Alain Rey. – Paris: LD – 1994. – 1376 p.
13. Хрох М. От национальных движений к полностью сформировавшейся нации: процесс строительства наций в Европе // Нации и национализм. – М.: Праксис, 2002. – С. 121–145.
14. Horowitz Donald L. Ethnic Groups in Conflict. – London, 1985. – 685 p.
15. Геллнер Э. Нации и национализм. – М.: Прогресс, 1991. – 319 с.
16. Лурье С.В. Национализм, этничность, культура // Общественные науки и современность. - 1999. - №4. - С.101–111.
17. Appadurai A. Modernity at Large: Cultural Dimensions of Globalization. London: Univ. of Minnesota Press, 1996, 229 p.
18. Giddens A. Modernity and Self-identity: Self and society in late modern age. Cambridge: Polity Press, 1991, 256 p.
19. Кастельс М. Информационная эпоха: экономика, общество и культура. / Пер. с англ. Под науч. ред. О. И. Шкаратана. – М.: ГУ ВШЭ, 2000. – 608 с.
20. Бауман З. Идентичность в глобализирующемся мире. [Электронный ресурс]. - URL: <http://www.tovievich.ru/book/12/155/1.htm> (дата обращения: 11.12.2016)
21. Handfield-Amkhan A. British Foreign Policy, National Identity and Neoclassical Realism. Lanham: Rowman and Littlefield Publishers, 2010, 198 p.
22. Тишков В.А. Этнология и политика: статьи 1989–2004 гг. – 2-е изд., доп. – М.: Наука, 2005. – 240 с.
23. Дробижина Л.М. Социальные проблемы межнациональных отношений в постсоветской России. – М.: Праксис, 2003. – 320 с.
24. Капицын В. М. Идентичности: сущность, состав, динамика (дискурс и опыт визуализации) // PolitBook Political Science Journal. Ежеквартальный научный журнал. - 2014. - № 1. - С. 8–32.
25. Хантингтон С. Кто мы? Вызовы американской национальной идентичности. - М.: Транзиткнига - 2004. – 160 с.

References

1. Politicheskaia identichnost i politika identichnosti [Political identity and identity politics]. Rossiiskaya politicheskaya enciclopediia [Russian political encyclopedia] Ed. by I.S. Semenenko. 1(2) (Moscow, 2012, 471 p.) [in Russian].
2. Orlova E.A. Konceptii identichnosti v socialno-nauchnom znanii [Concepts of identity in social and scientific knowledge], Voprosy socialnoi teorii [Questions of social theory], 4, 86-96 (2010) [in Russian].
3. Zadornaya Ye. S. Fenomen identichnosti: istoriya formirovaniya ponyatiya i sovremennyye podkhody k izucheniyu [The phenomenon of identity: the history of the formation of concepts and modern approaches to the study], Tsennosti i smysly [Values and meanings], 1 (47), 24–37 (2017) [in Russian].
4. Markuze G. Odnomernyy chelovek [One-dimensional person] (Publishing house «AST» 2003, 331 p.) [in Russian].
5. Erikson E.H. Yanger Man Luter. A Study in Psychoanalysis and History. N.Y., (W.W. Norton, London, 1993, 288 p).
6. Abels H. Interakcia, identichnost, prezentacia [Interaction, identity, presentation] (Aleteia, Saint Petersburg, 2000, 272 p.) [in Russian].

7. Berger P., Lukman, T. Socialnoe konstruirovaniye realnosti. Traktat po sociologii znaniya [Social construction of reality. A treatise on the sociology of knowledge] (Medium, Moscow, 1995, 282 p.) [in Russian].
8. Nikolaev V.G. Identichnost [Identity], Kul'turologiya XX vek: entsiklopediya [Culturology. XX century: encyclopedia] Ed. by S.Ya. Levit 1(2), (Aleteia, Saint Petersburg, 1998) [in Russian].
9. Kunanbaev A. Olender men audarmalar, poemalar, kara sozder [Poems and translations, poems, black words]. (Olke, Almaty, 2012, 512 p.) [in Kazakh].
10. Etnopoliticheskii slovar: terminy i poniatiia kazahstanskoi politiki i praktiki v sfere obshestvennogo soglasiia i mejetnicheskoi tolerantnosti [Ethnopolitical dictionary: terms and concepts of Kazakhstan's policy and practice in the sphere of public consent and interethnic tolerance]. (Republican Coordination Methodological Center for the Development of Languages named after Sh. Shayakhmetov, Astana, 2014, 400 p.) [in Russian].
11. Zdravomyslov A.G. Mejnacionalnye konflikty v possoveckom prostranstve [Interethnic conflicts in the post-Soviet world Space] (Aspekt-Press, Moscow, 1996, 286 p.) [in Russian].
12. Le Robert micro dictionnaire d' apprentissage de la langue francaise. Redaction dirigeé par Alain Rey. (Paris, 1994, 1376 p.)
13. Hroh M. Ot nacionalnyh dvizhenii k polnostiu sformirovavsheisia nacji: process stroitelstva nacji v Evrope [From national movements to fully formed developing Nations: the process of building Nations in Europe], Nacii i nacionalizm [Nations and nationalism] (Praksis, Moscow, 121-145, 2002) [in Russian].
14. Horowitz Donald L. Ethnic Groups in Conflict (London, 1985, 685 p.).
15. Gellner E. Nacii i nacionalizm [Nations and nationalism] (Progress, Moscow, 1991, 319 p.) [in Russian].
16. Lure S.V. Nacionalizm, etnichnost, kultura [Nationalism, ethnicity, culture], Obestvennye nauki i sovremennost [Social sciences and modernity], 4, 101–111 (1999) [in Russian].
17. Appadurai A. Modernity at Large: Cultural Dimensions of Globalization. (Minneapolis, 1996, 229 p.).
18. Giddens A. Modernity and Self-identity: Self and society in late modern age. (Polity Press, Cambridge, 1991, 256 p.).
19. Kastels M. Informacionnaia epoha: ekonomika, obshestvo i kultura [Information age: economy, society and culture] Ed. and translated in English by O. I. Shkaratana (GU VShE, Moscow, 2000, 608 p.) [in Russian].
20. Bauman Z. Identichnost v globaliziruiuemsia mire [Identity in a globalizing world]. [Electronic resource]. Available at: <http://www.tovievich.ru/book/12/155/1.htm> (Accessed: 11.12.2016).
21. Handfield-Amkhan A. British Foreign Policy, National Identity and Neoclassical Realism (Lanham: Rowman and Littlefield Publishers, 2010, 198 p.).
22. Tishkov V.A. Etnologiya i politika: stati 1989–2004 gg. [Ethnology and politics: articles 1989–2004. 2nd ed., add-on] (Nauka, Moscow, 2005, 240 p.) [in Russian].
23. Drobijeva L.M. Socialnye problemy mejnacionalnyh otnoshenii v postsoveckoi Rossii [Social problems of interethnic relations in post-Soviet Russia] (Praksis, Moscow, 2003, 320 p.) [in Russian].
24. Kapitsyn V.M. Identichnosti: sushnost, sostav, dinamika (diskurs i opyt vizualizacii) [Identities: essence, composition, dynamics (discourse and visualization experience)], PolitBook Political Science Journal. 1, 8-32 (2014) [in Russian].
25. Hantington S. Kto my? Vyzovy amerikanskoi nacionalnoi identichnosti [Who are we? Challenges to American national identity] (Tranzitkniga, Moscow, 2004, 160 p.) [in Russian].

Zh.A. Tusupbekov¹, N.O. Baigabylov², N.A. Orynbasarova³

^{1,2}L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan,

³Zharyk secondary school, Karaganda, Kazakhstan

The identity's problem and the problem of national identity

Abstract. The article focuses on the issues of preserving national identity. The concept of uniqueness, which occurred in the context of globalization, primarily viewed self-identity, i.e. the key role of cultural identity as a member of society, forming a stable view of themselves and a sense of identity of people allowing it to find its place in international space. In other words, the main element of each national identity is an unambiguous integrity or cultural identity, perceived as the character of the nation. In this article, the authors conclude that semantic

integrity determines the unshakeable unity of joining the entire system to unity. Thus, it will conclude that it is impossible to change the uniqueness without changing its main ideas. The article concludes that globalization seeks to disrupt national identity, destroy the global processes of its democratization, standardization of culture, economy, universalization of values, and informatization.

Keywords: identity, primordialism, constructivism, ethnic and national identity, multiculturalism, mass culture, counter-identity.

Ж.А. Тусупбеков¹, Н.О. Байгабылов², Н.А. Орынбасарова³

^{1,2}Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан,

³Средняя школа Жарык, Караганда, Казахстан

Понятие идентичности и проблема национальной идентичности

Аннотация. В статье уделено внимание проблеме сохранения национальной идентичности. Понятие уникальности в условиях глобализации в первую очередь рассматривается как самостоятельная идентичность, т.е. ключевая роль культурной идентичности человека как члена общества, формирующей устойчивые представления о себе и чувство самобытности народа, которая позволяет ему найти свое место в межнациональном пространстве. То есть основным элементом каждой национальной идентичности является однозначная целостность или культурная идентичность, воспринимаемая как характер нации. В данной статье авторы приходят к выводу, что смысловая целостность обуславливает незыблемое единство от присоединения всей системы к единству. Таким образом, приходят к выводу, что невозможно изменить уникальность, не изменяя его основные идеи. В статье сделан вывод, что глобализация стремится нарушить национальную идентичность, уничтожить глобальные процессы ее демократизации, стандартизации культуры, экономики, универсализации ценностей и информатизации.

Ключевые слова: идентичность, примордиализм, конструктивизм, этническая и национальная идентичность, мультикультурализм, массовая культура, контриденитичность.

Авторлар туралы мәлімет:

Тусупбеков Ж.А. – негізгі автор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті әлеуметтану кафедрасының докторанты, А. Янушкевич көш., 6, Нұр Сұлтан, Қазақстан.

Байгабылов Н.О. – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті әлеуметтану кафедрасының доценті м.а., PhD, А. Янушкевич көш., 6, Нұр Сұлтан, Қазақстан.

Орынбасарова Н.А. – Жарық орта мектебінің мұғалімі, Бейбітшілік көш., 19, Қарағанды, Қазақстан.

Tusupbekov Zh.A. – the main author, doctoral student of the department «Sociology», L.N. Gumilyov Eurasian National University, A.Yanushkevich str., 6, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Baigabylov N.O. – PhD in sociology, Associate Professor of the Department of Sociology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, A.Yanushkevich str., 6, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Orynbasarova N.A. – secondary school teacher Zharyk, Beibitshilik str., 19, Karaganda, Kazakhstan.